

ӘОЖ:317.322.2

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ -МӘДЕНИ -ГЕНЕТИКАЛЫҚ КОДТЫҢ НЕГІЗІ**

**Базылканова Жадыра Бауржановна**

[zbazylkanova@mail.ru](mailto:zbazylkanova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік Ғылымдар Факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»мамандығының студенті ,Астана,Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –Қ.С.Қожаева

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Президентіміз елдің бүгiнi мен келешегi туралы ой толғап , қуатты сезiм ағысымен жүректен өткiзе отырып толғана, сыр шерткенде , таңданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға , елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйiспеншiлiгi сүйсiнтедi. Ұлттық құндылығымызды , болмыс пен бiрегейлiктi сақтай отырып , сананы жаңғырту және бiлiмдiлiкке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрiлген. Әрбiр халықтың уақыт пен заманның өлшемдерiне бағынбайтын , одан биiк тұратын құндылықтары болады. Ол құндылыққа қай кезде болсын өзектi де маңызды. Сондықтан , олар мәңгiлiк. Ол құндылық -ұлттық тәуелсiздiк. Ол халықтың санасының жаңғыруына үлкен дем бердi. Бiз өзiмiздiң Тәуелсiздiгiмiздi ала отырып, елiмiз «күрес кеңiстiгiне» аяқ

басты. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – бұл дер кезінде қабылдаған маңызды шешім болып табылады. Өйткені ол – бүкіл ел мәдениетінің тарихын, рухани мәдениетінің тарихын, бүкіл болмысын дәл өлшеп, кемелденген азаматтың ойлары. Әсіресе, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді деп ойлаймын. Өйткені, халқымыз небір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Араб жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшіп жүре тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыспай, кем қалмады. Бұл біздің жоғары мәдениеттілігімізді аңғартса керек. Ал қазіргі заманда біз артық, кемшілігімізді әбден танып, нақты шешім жасайтын дәуірге жеттік. Сондықтан да бұл – Елбасының тактикалық саясатының аясында жасалған үлкен қадам.

Осы бастаманың, жаңғырудың басты шарты – ұлттық мәдени, тарихи кодты сақтау, санамызды жаңғырту, онсыз жаңғыру тіркесі – құр жаңғырық. Бұл арада ұлттық кодымызды сақтау керек екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодымыздың қайнар көзі ол – халықтың дүниетанымы, тарихи сана мен рухани – мәдени құндылығы. Ұлттық код – ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар ұрпақ санасында сақталмайды. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп, жүзеге асып отырады. Ұлттық кодын қол үзбеген әр адам өз заманында алға ұмтылып, жетістіктерге қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. [1]

Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық қазақи тұлғалық болмысымызды дамытып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Бір ұлтты басқа ұлттан ерекшелеп, бірегейлігін айқындайтын ұғым. Ұлттық код күрделі мәдени-фиософиялық ұғым. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен берілері анық. Жоғары оқу орындарында ол одан әрі тереңдетілуі тиіс. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғаны абзал. Мысалы, біздің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде 2018 жылдан бері профессор, педагогика ғылымдарының докторы Төлеубекова Р.К. бастауымен «Ұлттық тәрбие» пәні оқытылып келе жатқаны, осы ұлтжанды азаматтарды қалыптастыру мақсатынан туындағаны сөзсіз. Қазір бұл бастама елімізде кеңінен қолдау тауып, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиені оқытуға ерекше ден қойылуда. Абай мұралары да ұлттық құндылықтарға толы. Оның ішінде халықтың би-шешендерінің, ақындарының, күйшілерінің мұралары рухани байлығымыздың қайнар көзі. Біз оларды мектепте де, жоғары оқу орындарында да мына өзгермелі заманға лайықтап оқытып, ұрпақ игілігіне айналдыруымыз керек. Білім беру саласы да үнемі ұлттық сипатпен байытылып отырса, нұр үстіне нұр. Осының арқасында ғана жаһандық заман дәірінде жастарымызқа бар құндылығымызд бағдарлап, төл тарихымыз бен қаншама заманғы мәдениетімізді ұрпаққа бағыттап, бағдарлаймыз.

Жалпы, бізге қазір керегі – ХХІ ғасырда рухани дамудың жаңа парадигмасын жасау. Қазір 2019 жыл «Жастар Жылы» деп қабалғандықтан, жастар тарапынан нақты-нақты іс-шаралар қажет деген ойдамын. Қазіргі уақытта жаһандық дағдарыс болып, нарық экономикасына өтудеміз, барлығын базар, экономика реттейді деп әуре сарсаң болып жүргенде, біз руханиятты ұмытып бара жатырмыз. Адамның рухани болмысы екінші сатыда қалып қойды. Дүниежүзілік дағдарыстың шығу тегі өзі содан. Абай «Дүниенің көрінген сырын да, көрінбеген сырын да қатар игерген адам толық адам болады» дейді. Капиталистік мемлекеттер дүниенің көрінген сырын тезірек игеріп, байып, үстемдік жасап, руханиятты

ұмытып кетті.[2] Соның «жемісі» – әлемдік дағдарыс. Сол себепті , біз рухани дүниені қайта жаңғыртуымыз керек. Ол үшін адамзаттың сана психологиясын дамыту мақсатында ,қажетті құндылық бағдарын қалыптастыру. Ол үшін еліміздің барлық азаматтары психологиясын өзгертуі тиіс. Егер руханиятқа дендеп еніп, осыны жасағымыз келсе , онда Абайдың толық адамын игеруіміз керек. Абай барлығын өзінің еңбектері мен қайталанбас туындыларында айтып кеткен. Еліміздің білім беру орталықтары мен мекемелерінде абайтану орталықтарын әрі қарай дамыту қажет. Өйткені қазіргі уақытта олар кішігірім, күші аз , шағын қызмет атқаруда. Дегенмен жұмыс істеп жатыр. Осылайша біз тек Қазақстанның ғана емес , бүкіл шығыстың руханиятын көтеруіміз керек. Өйткені ,Абай тек қазаққа ғана тән емес , бүкіл шығыс елдеріне тән ұлы ғұлама .Сонда Абайдың рухани құндылықтарын, философиясын , шығармаларын бір жағынан ғылыми ізденіс жасап, екіншіден , бүкіл Орта Азия мемлекеттеріне кең көлемде насихат жасауымыз керек,үшіншіден өз еліміздің төл мәдениетін , ұлттық құндылық бағдарын есімізге саламыз. Екіншіден , Еліміздің оңтүстік бөлігіндегі Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихта үлкен орны бар рухани орталық. Қаншама мәдениет туындылары бар тарихи қалалар орналасуда. Мысалға Түркістанды алсақ , біз оны рухани жаңғырту арқылы Қазақ елін , халқын қайта жаңғыртамыз. Бір жағынан бұл – руханиятты көтеру. Екінші жағынан -еліміздің мәдени генетикасын жаңғырту. Сол арқылы Дін академиясын, Дүниежүзілік тарихи музей жасау және т.б., Туризм арқылы сол мәдени құндылықты әлем тұрғысына бағдарлау , логистиканы көтеру , ол да – руханият.Сонымен қатар , ұлттық сана сезімді тәрбиелеудің және ұлттық қадір -қасиетті дамытудың кейбір мәселелерін қарастыруға болады .Біздің мемлекет көп этносты болғандықтан , әртүрлі ұлттардың өзара қатынасы мен түрлі ұлттардың қарым-қатынастарының интенсивті процесі ұлтаралық қатынас мәдениетін тәрбиелеуді күшейтуді қажет етеді. Ол жаңа интернационалшыл типтегі адамды тәрбиелеудің әрі құралы , әрі түпкі нәтижесі .Қазіргі кезде адамды интернационализм рухында тәрбиелеу процесін , тек ағартушылық шараларда ғана қолдануға болмайды. Ол мынадай комплексті шаралардан тұрады :а)идеологиялық әсер ету ;б)алдыңғы қатарлы әдет -ғұрып пен дәстүрлерлі пайдалану ;в)еңбек процесіне үйрету ;г)құқықтық нормалардың әсері ;[3]

Ұлттың руханиятын көркем бейнелеп , жоғары эстетикалық талғаммен жинақтап жеткізетін ол-ұлттық әдебиет , этномузыка , опера , балет , сияқты өнер туындылары . Сол жаһандық мәдени кеңістікте халықтар арасындағы байланыс өнер тілі , яғни мәдени тіл болып табылады. Адам баласының өркенітеінің негізгі өлшемі ол-мәдени жетістіктер. Өйткені , әлемдік құндылықтармен идеалдарды насихаттаудың бірден -бір бағыты ол -өнер мен мәдениет. Елбасымыздың «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттығы ірі бастамаларымызбен ғана емес , мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек »деген пікірі терең мәнге ие. Әлемдік өркениетте қазақтың бай , қайталанбас мәдени мұрасын , құндылықтарын паш ету ,оның жалпыәлемдік құндылықтармен сабақтас екенін насихаттауымыз керек.Жалпы тәуелсіздік алғалы бері ЮНЕСКО аясында мерейтолары аталып өткен Абай, Жамбыл Махамбет, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, Ә.Бөкейханның шығармашылық әр ғылыми мұралары арқылы мәдениеті , өнері , ғылымы , рухани құндылықтары әлемге танылды , насихаттады. [4]

Осыған орай елімізде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы біздің қоғамдағы сана көрсеткішінің үлгісі. Осы жобаның негізгі бағыт-бағдары ол тіл меңгеру , заманауи мәдениет қалыптастыру, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстыру , мультимедиялық тәсілдер ойлап шығару, мәдениетіміздің озық үлгілерін шетелде таныстыру. Қазақстанның үздің үлгілерін іріктеудің өлшемі :

- туынды еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт аралығында жазылуы шарт ;
- халық мойындаған , танылған автор болуы керек ;
- жарық көрген туынды (кітап , фильмография , көрмелерге қатысу т.б.)қоғамда танымал болуы керек ;
- туынды жаңашылдығымен , зияткерлігімен , образдылығымен , ерекшеленуі тиіс ;

туынды кәсіби деңгейге , мәдени , әдеби талғамға , сахналық мәдениетке сай болуы қажет;

зорлық -зомбылықты , діни араздықты , нашақорлықты насихаттамауы тиіс;

Қазақстан аумағында тұратын барлық мәдениет өкілдері , ұлттық палитра аескерілуі тиіс ;[4]

Сондықтан да , мәдениет шығармашылық пен өнер ресурстарының жиынтығы ретінде сандық технологиялар арқылы шығармашылық индустрияның дамуына ықпал етеді . «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы бұл игілікті істерге жаңа серпін беріліп, мемлекеттік деңгейге жүйелі әрі кешенді түрде жүзеге асырылады.2017 жылы қазанда Парижде ЮНЕСКО -ның штаб пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы таныстырылып өтті. Қазіргі кезде заманауи қазақстандық мәдениет Майра Мұхамедқызы, Димаш Құдайберген, Геннадий Головкин, Ақан Сатаев, Самал Еслямова, Мария Мудряк, «Ұлытау» тобы және т.б. үздік өнері арқылы біздің төл мәдениетіміз халықаралық аренаға кеңінен насихатталуда. Осылардың бәрі, сонымен қатар, Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні -бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парағы , бастамасы ғана . [4]

Түйіндей келгенде, Рухани жаңғырудың басты мұраты - жалпыадамзаттық, мемлекеттік, ұлттық және заманауи озық құндылықтарды бір арнаға тоғыстырып, мәдените пен дәстүр, инновацияны өзара ұштастыру. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып, отырғандағы мақсатым - боймыздағы жақсы мен жаманды саралап, теру емес. Қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын .

Біріншіден-ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншіден - алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. «Мемлекеттік тіл және ұлттық рух – рухани жаңғырудың басты бағдары» атты Облыстық on-line вебинарының материалдары. – Алматы, 2018. – 252 бет. – қазақша, орысша.
- 2.Өмірәлиев Қ.Абай афоризмі -Алматы : «Қазақстан» , 1993 .123 бет.
- 3.Сәрсенбаев Т.С 28 Ұлттық сана -сезім мен ұлттық қадір -қасиет .-Алматы :Қазақ ССР «Білім »жоғамы ,1990.-33 бет.
- 4.Шаяхметов Н.У.Ш33 Рухани Жаңғыру :Оқу әдістемелік құрал /Н.Шаяхметов.-Эверо , 2018.